

**Қазақ тілі оқытушысының 2023 - 2024 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы : ЖШС "Зейінді бала" балабақшасы

Топ: «Құлыншақ» ересек топ

Балалардың жасы: **4-5 жастан**

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы, 2023-2024 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Қазақ тілі	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: 1) қазақ тілінде айтылған сөздерді мұқият тыңдауды, сондай-ақ осы сөздерді дұрыс айтуды және еске сақтауды; қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету; 2) сөйлеу тілін және артикуляциялық аппаратты дамыту. Сөздік қор: 1) қоршаған ортада жиі қолданылатын сөздер туралы білімді кеңейту; 2) таныс сөздерді күнделікті өмірде қолдануды үйрету. Сөйлеудің грамматикалық құрылымы: 1) 2-3 сөзден тұратын қарапайым сөйлемдерді түсінуді және сөз тіркестерін құруды үйрету; 2) сөйлеуде зат есімдердің жекеше және көпше түрін қолдану дағдысын қалыптастыру; Байланыстыра сөйлеу. Сұрақтарға қарапайым сөйлемдермен жауап беруді үйрету. Қысқа шығармаларды тыңдауды, түсінуді, тақпақтар оқуды үйрету.